

Verlag, 1990. – S. 250.

9. Żołnierze Polsky-Więzniowie NKWD w latach 1939-1951 Przewodniczący Wojskowej Komisji Archiwalnej płk prof. Dr. Inz. Jan PIĘTA. Część I. – Warszawa, 1993. – S. 101.

10. Politisches Archiv des Auswärtigen Amts (Berlin), R 105186, Bd. 19.

11. Черчилль У. Вторая мировая война. – В 6 т., 3 кн. – М.: Воениздат, 1991. – Т. 3. – С. 205.

12. Bundesarchiv – Militärarchiv (Freiburg), RW 5v/95, Bl.5.

13. Politisches Archiv des Auswärtigen Amts (Berlin), R 29721, Bl.143.

14. Ibid., Bl.166-167.

15. Ibid., Bl.196-198.

16. Bundesarchiv – Militärarchiv (Freiburg), RW 5v/95, Bl.17, 18

17. Politisches Archiv des Auswärtigen Amts (Berlin), R 29721, Bl.256; Bundesarchiv – Militärarchiv (Freiburg), RW 5v/95, Bl.9, 26.

18. Open Society Archives at Central European University, HU OSA 300-80-1, Box 343.

19. Politisches Archiv des Auswärtigen Amts (Berlin), R 29913, Bl. 17-18, 21-22.

Идрышева Ж.К.

ҒАЛАМДАНУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚЫТАЙДЫҢ СЫРТҚЫ САЯСАТЫНДАҒЫ БАТЫС ӘЛЕМІ

Қытай ғаламдануды өзінің ішкі ісіне Батыс тарапынан қол сұғушылық деп түсінеді. Қытай Батыстың Тибетке, Тайваньға тәуелсіздік беру туралы талабын орындаудан бас тартады, сонымен бірге, адам құқығына байланысты және Компартияның билігін қамтамасыз етіп отырған Қытайдың саяси жүйесін реформалауға байланысты батыстық концепцияны мойындамайды. Осы түсінік тұрғысынан келгенде Қытай ғаламдануды гегемонизмнің жаңа түрі деп түсінеді және ҚХР бұрынғы төрағасы Цзян Цзэмин пікірі бойынша «нео-интервенционизм» болып табылады [1]. 1989 жылғы Тяньаньмэнь алаңындағы оқиғадан кейін батыс елдері Қытайды шектеу саясатын ұстана бастады, Қытай тәуелсіздігін бұзды, Гонконг пен адам құқығы мәселесін пайдалана отырып елдің ішкі ісіне арналасты. 1989 жылдан 1997 жылға дейін Қытай Гонконгті қайтадан

Қытайдың қол астына қайтарып, осы территорияларға тәуелсіздік беру мәселесінде өз ұстанымынан бас тартқан жоқ. Гонконгтің қайтарылуы Қытай концепциясының салтанағ құруын көрсетеді: бір мемлекет – екі жүйе және Қытай халқының елді біріктіру барысындағы маңызды қадамын көрсетеді.

XXI ғасырдың басында әлемдік шаруашылықта айқын өзгерістер байқала бастады, бұл Қытайдың әлемдегі орнының күшейе бастауымен байланысты болды. Қытай әлемдегі ең маңызды өндіруші және көптеген тауарлардың экспорттары болды. Экспорты қарапайым тігіннен басталып, өте қиын құрал-жабдықтар мен информациялық технологиялармен аяқталады. Үздіксіз үрдіс үстіндегі Қытай экономикасы саясаткерлердің үлкен қызығушылығын тудыруда. Бұл қызығушылықты Қытайдың сыртқы экономикалық қатынастарының үлкен шеңбері одан ары үдете түскендей. Қытай экспорты мен импортының дамуы халықаралық экономикалық қарым-қатынастарының ең басты әсер етуші субъектісі болып табылады. Бұл құбылыс кейбір тауар рыноктарының конъюнктурасына, халықаралық валюталық жүйеге, кейбір мемлекет-кәсіпкерлердің экономикалық жағдайына да өз ізін қалдыруда.

Қытайдың халықаралық мәселелер институтын директоры Ян Чэнсю пікірі бойынша «Қырғиқабақ» соғыс аяқтаннан кейін әлемде екі қуатты ұстаным көрініс алды: саясаттағы көп полярлық және экономикадағы ғаламдандыру процесі. Әлем өзара бағынышты көпполарлы құрылымға бағыт алып келеді. Әлемдік экономиканың ғаламдануына байланысты Қытай өзінің АҚШ, Еуропа, Жапониямен және де өзге индустриалды дамыған мемлекеттермен сауда-экономикалық байланыстарында іс жүзінде саяси қарама-қайшылықтардың әсерін сезінуден қалды» [2].

Осылайша, Қытай ғаламданудың қоғамдық өмірдің барлық салаларына ықпалын мойындап отыр. Қытайдың басты мақсаты – экономикалық өзара ықпалдасуды әріптестерімен саяси байланыстарының деңгейіне келтіру болып отыр. Индустриалдық елдермен экономикалық байланыстарын дамыта отырып, Қытай экономикалық ғаламдануға белсене араласуда, оның өз мемлекетінің экономикасын дамытуға пайдаланғысы келеді. Яғни, ғаламдануға деген Қытай түсінігі экономика пен саясатты бөліп қарауда жағыр. Қытайдың халықаралық істер мәселесіндегі сарапшысы Ван Хэсин тәуелсіздіктің қорғаныс шараларының жаңа қырлары көрініс алуда.